

Мүшелік ұйымдарда «Кәсіподақ мүшелерінің бірыңғай тізілімі» автоматтандырылған ақпараттық жүйесін толтыру жұмыстарының жай-күйі туралы ақпарат

Қазақстан Республикасында жүргізіліп жатқан цифрлық трансформациялау жөніндегі мемлекеттік саясатты іске асыру шеңберінде мемлекеттік органдар мен қоғамдық институттардың қызметіне заманауи цифрлық технологияларды енгізуге ерекше назар аударылуда. Қабылданған Қазақстан Республикасының Цифрлық кодексі, жасанды интеллектіні дамыту саласындағы заңнамалық бастамалар, сондай-ақ қызметтің барлық салаларын цифрландыруға бағытталған мемлекеттік бағыт ақпараттық жүйелерді одан әрі жетілдіру және басқару процестерін цифрлық форматқа көшіру қажеттілігін айқындайды.

Осыған байланысты, кәсіподаққа мүшелікті есепке алу жүйесін жетілдіруге, деректердің шынайылығын арттыруға, есептіліктің жедел қалыптасуын қамтамасыз етуге және Кәсіподақтың цифрлық сервистерін одан әрі интеграциялауға бағытталған кәсіподақ мүшелерін есепке алудың бірыңғай электрондық дерекқорын қалыптастыру жұмысын жалғастыруда.

Жүргізіліп жатқан жұмыстар барысында Кәсіподақтың мүшелік ұйымдары электрондық жүйеге жүктеу үшін дербес мәліметтерді ұсынды. Сонымен қатар, келіп түскен деректерді талдау көрсеткендей, мәліметтердің айтарлықтай бөлігі белгіленген талаптарды бұза отырып толтырылған, бұл оларды дерекқорға автоматты түрде жүктеуге мүмкіндік бермеді.

Осыған байланысты, Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппараты ұсынылған мәліметтерді тексеру, нақтылау, жүйелеу және белгіленген талаптарға сәйкес келтіру бойынша ауқымды жұмыс жүргізді. Техникалық және әдістемелік сәйкессіздіктерді жою қажеттілігіне байланысты бұл процесс қосымша уақытты талап етті.

Ақпараттық жүйені одан әрі жетілдіру мақсатында бағдарламалық жасақтаманы әзірлеушілермен бірлесіп бірқатар жұмыс кездесулері өткізілді, оның барысында дерекқорды толтыру механизмін оңтайландыру, жүйенің құрылымына өзгерістер енгізу және оны пайдалану ыңғайлылығын арттыру мәселелері қаралды.

Жүргізілген жұмыстардың қорытындысы бойынша жүйені әзірлеуші тарапынан дерекқорды қалыптастыру процесін сүйемелдеуді және Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратымен жедел өзара іс-қимылды жүзеге асыратын жауапты маман белгіленді.

Сонымен қатар, бағдарламалық жасақтамаға бірқатар түзетулер енгізілді. Атап айтқанда, бірыңғай дерекқорды қалыптастыру үшін міндетті болып табылмайтын жекелеген мәліметтер (ставка өлшемі, оқу жүктемесі және басқа да көрсеткіштер) толтыру міндетті емес санатқа ауыстырылды. Бұл ақпаратты енгізу процесін оңтайландыруға және техникалық қателердің пайда болу ықтималдығын азайтуға мүмкіндік берді.

Сонымен қатар, дерекқордың жекелеген бөлімдерін толтыру механизмдері пысықталды. Қазіргі уақытта ақпараттың басым бөлігі кірістірілген анықтамалықтар мен ашылмалы тізімдер арқылы енгізіледі, бұл мәліметтерді толтырудың бірыңғайлығын қамтамасыз етеді, қателер санын азайтады және жауапты тұлғалардың жұмысын айтарлықтай жеңілдетеді.

Осыған қарамастан, бірыңғай электрондық дерекқорды қалыптастыру жұмыстары жалғасуда және Кәсіподақтың Орталық комитетінің тұрақты бақылауында.

Осы жұмысты аяқтау үшін Кәсіподақтың мүшелік ұйымдарының басқарушы органдарына төмендегілер ұсынылады:

- кәсіподақ мүшелерінің дербес деректерін белгіленген талаптарға сәйкес уақтылы дайындауды қамтамасыз ету;
- дерекқорды қалыптастыру және өзектендіру кезеңінде жауапты қызметкерлерді осы жұмысқа барынша жұмылдыру мақсатында оларды басқа тапсырмаларды орындаудан мүмкіндігінше босату;
- бастауыш кәсіподақ ұйымдарына, әсіресе ауылдық жерлерде орналасқан ұйымдарға дерекқорды дайындау және толтыру кезінде әдістемелік және практикалық көмек ұйымдастыру;
- ұсынылатын мәліметтерді Кәсіподақтың Орталық комитетіне жібергенге дейін олардың толықтығы мен шынайылығына бақылауды күшейту;
- дерекқорды толтыру бойынша сұрақтар туындаған жағдайда жауапты мамандардың Кәсіподақтың Орталық комитетінің аппаратымен және ақпараттық жүйені әзірлеушілермен тұрақты өзара іс-қимылын қамтамасыз ету.

Кәсіподақ мүшелерін есепке алудың бірыңғай электрондық дерекқорын қалыптастыруды аяқтау кәсіподақ мүшелігінің бірыңғай цифрлық есебін қамтамасыз етуге, статистикалық ақпараттың сапасын арттыруға, деректерді өңдеу мерзімдерін қысқартуға және есептілікті дайындау процестерін автоматтандыруға мүмкіндік береді.

Кәсіподақтың Орталық комитеті аппаратының мүшелік ұйымдар ұсынған мәліметтерді тексеруі нәтижесінде дербес деректерді ақпараттық жүйенің белгіленген талаптарына сәйкес келтіру жұмыстары жүргізілді.

Бірыңғай дерекқорды қалыптастыру кезіндегі негізгі мәселе – бастапқыда ұсынылған файлдардың сапасыздығы болды. Көптеген жағдайларда мәліметтер бекітілген талаптарды бұза отырып толтырылған: деректерді жазуда қателер жіберілген, әртүрлі толтыру форматтары пайдаланылған, міндетті тармақтар толтырылмаған, қайталанатын жазбалар мен басқа да сәйкессіздіктер кездескен. Осының салдарынан ақпараттық жүйе жүктелетін файлдарды қабылдамады, бұл әрбір жазбаны қосымша тексеруді, қателерді іздеуді және оларды қолмен түзетуді талап етті.

Аталған жұмыс аяқталып, мәліметтер жүйе талаптарына сәйкес келтірілгеннен кейін деректер электрондық базаға сәтті жүктелді.

Жекелеген мүшелік ұйымдардың дербес деректерді барлық белгіленген талаптарды сақтай отырып дайындағанын атап өткен жөн, соның арқасында оларды ақпараттық жүйеге жүктеу елеулі ескертулерсіз жүзеге асырылды және ауқымды түзетулерді талап етпеді. Тексеру және деректерді өңдеу нәтижелері бойынша электрондық жүйеге келесі мәліметтер енгізілді:

- Қызылорда облысы (39 869 кәсіподақ мүшесі);
- Ақтөбе облысы (34 579 кәсіподақ мүшесі);
- Абай облысы (23 805 кәсіподақ мүшесі);
- Алматы қ. «Ұстаз» кәсіподақ ұйымы(21 015 кәсіподақ мүшесі);
- Алматы қалалық ұйымы (1 501 кәсіподақ мүшесі).

Барлығы: 123 038 кәсіподақ мүшесі.

Сонымен қатар, бірыңғай электрондық дерекқорды қалыптастыруды уақтылы аяқтау үшін жергілікті жерлерде мәліметтерді алдын ала сапалы дайындауды қамтамасыз ету қажет. Жауапты тұлғаларға файлдарды Орталық комитетке жібергенге дейін дербес деректердің толықтығы мен дұрыс толтырылуын ішкі тексеруден өткізу ұсынылады, өйткені жүктеуден кейін қателерді түзету көп уақытты қажет етеді.

**Орталық комитет аппаратының
ұйымдастыру бөлімі**